ТҰРАН-ҚАЗАЛЫ

№79
(2457)
Сәрсенбі
7 қазан
2026 жыл
Газет
2003 жылдың
5 қаңтарынан
шығады

Аймақтық ақпараттық-танымдық басылым

ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫНА ТАРАЙТЫН ГАЗЕТ

ҚАЗАЛЫЛЫҚ ҰСТАЗ «ЕРЕН ЕҢБЕГІ ҮШІН» МЕДАЛІМЕН МАРАПАТТАЛДЫ



Ұстаздар күні мерекесіне орай ауданның білім беру саласында ұзақ жылдар жемісті еңбек етіп келе жатқан Бердікен Мергенбаев атындағы №226 орта мектептің қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі Жөлекеш Мирамкүл Жеткербайқызы Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың 2026 жылғы 29 қыркүйектегі Жарлығына сәйкес «Ерен еңбегі үшін» медалімен марапатталды. Елордада өткен мерекелік жиында мемлекеттік наградаларды Мирамкүл Жеткербайқызына Қазақстан Республикасының Оқу-ағарту министрі Сүлейменова Жұлдыз Досбергенқызы табыстады.

Мирамкүл Жеткербайқызы – ұрпақ тәрбиесіне саналы ғұмырын арнаған, кәсіби білімі мен педагогикалық шеберлігі қалыптасқан тәжірибелі ұстаз. Ол қазақ тілі мен әдебиетін оқыту арқылы шәкірттерінің бойына ұлттық құндылықтарды сіңіріп, ана тілінің қадір-қасиетін дәріптеп, білімге деген қызығушылығын арттырып келеді.

Мемлекет тарапынан көрсетілген бұл жоғары құрмет – Жөлекеш Мирамкүл Жеткербайқызының ұстаздық жолдағы адал еңбегіне, кәсіби біліктілігіне және жас ұрпақтың болашағына қосқан үлесіне берілген лайықты баға.

Айта кетейік, 2025-2026 оқу жылының аяғында ауданымыздың тағы бір ұстазы – Ержігіт Бозғұлов атындағы №249 мектеп-лицейдің музыка пәнінің мұғалімі, директордың тәрбие жұмыстары жөніндегі орынбасары Аяп Гүлнар Әбілпаттарқызы да Қазақстан Республикасы Президентінің 2026 жылғы 28 мамырдағы Жарлығымен «Ерен еңбегі үшін» медалімен марапатталған болатын.

Білім саласында 37 жыл табысты еңбек еткен Гүлнар Әбілпаттарқызы – тәжірибелі педагог, білікті ұйымдастырушы әрі шығармашыл ұстаз. Оның шәкірттері республикалық және халықаралық өнер, білім байқауларында жоғары нәтижелер көрсетіп, жүлделі орындарға ие болып келеді.

Ұстаздарымыздың мемлекеттік наградалармен марапатталуы – олардың ел болашағына, білім мен тәрбие ісіне қосқан еселі еңбегінің лайықты бағасы.

Мирамкүл Жеткербайқызын және Гүлнар Әбілпаттарқызын «Ерен еңбегі үшін» медалімен марапатталуымен шын жүректен құттықтаймыз! Еңбектеріңіз еленіп, абыройларыңыз асқақтай берсін!

АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ ӨНІМДЕРІНІҢ ЖӘРМЕҢКЕСІ

Аудан орталығы Әйтеке би кентінің 5-ші квартал аумағында ауыл шаруашылығы өнімдерінің жәрмеңкесі өтті.

Жәрмеңкеге Қазалы ауданындағы қала, кент, ауылдық округтердің, сондай-ақ, жергілікті тауар өндірушілері белсенді қатысып, тұрғындарға сапалы әрі табиғи өнімдерін ұсынды.

Жәрмеңкеге 23 автокөлікпен 74,6 тоннаға жуық ауыл шаруашылығы, азық-түлік өнімдері әкелінді. Оның ішінде: 8 тонна күріш, 3,2 тонна сүт, 3,4 тонна ет, 6,5 тонна балық, 46 тонна картоп, 7,5 тонна кондитерлік өнімдер бар.



Жәрмеңкені аудан әкімі Алмасбек Есмаханов аралап көріп, жергілікті тауар өндірушілермен және тұрғындармен пікір алмасты.

Аудан әкімі ұсынылған өнімдердің сапасы мен бағасын бақылап, кәсіпкерлердің жұмысына назар аударды.

Аудан басшысы тиісті сала басшыларына алдағы уақытта да жергілікті өнім өндірушілерге қолдау көрсетіп, тұрғындарды сапалы әрі нарық бағасынан арзан бағада ауыл шаруашылығы өнімдерімен қамтуда осындай жәрмеңкелерді аудан орталығының әр аумағында көптеп ұйымдастыруды тапсырды.

Қазалы ауданы әкімінің баспасөз қызметі

Баспасөз - 2027

2027 ЖЫЛДЫҢ БІРІНШІ ЖАРТЫ ЖЫЛДЫҒЫНА БАСПАСӨЗГЕ ЖАЗЫЛУ ЖҮРІП ЖАТЫР!

Құрметті газет оқырмандары!

Аймақтық «Тұран-Қазалы» газетіне 2027 жылдың бірінші жарты жылдығына жазылу жүріп жатырғанын хабарлаймыз.

Аймақтық газет республикадағы ең арзан басылым екенін атап айтамыз. Газетке жазылу бағасы жеке адамдар үшін 6 айға -1130 теңге, мекемелер мен кәсіпорындары үшін 6 айға -2260 теңге.

Жеке тұрғындардың «Тұран-Қазалы» ЖШС-нің бухгалтериясына келіп жазылуына болады.

Аймақта болып жатқан жаңалықтарды білгіңіз келсе, өңірдің тыныс-тіршілігімен танысқыңыз келсе, әр саладағы атқарылып жатқан жағымды істерден хабардар болғыңыз келсе біздің газетке жазылыңыз.

Аймақтық «Тұран-Қазалы» газетінің редакциясы

«ҚҰМЖИЕК», «АРАНДЫ» АУЫЛДЫҚ ОКРУГТЕРІНЕ ЖАҢАДАН САЙЛАНҒАН ӘКІМДЕР ТАНЫСТЫРЫЛДЫ







Қазақстан Республикасының «Сайлау туралы» Конституциялық заңына сәйкес, 4 қазан күні Қазалы ауданында өкілеттік мерзімі аяқталған «Құмжиек» және «Аранды» ауылдық округтері әкімдерінің сайлауы өткен болатын.

Аудан әкімі Алмасбек Есмаханов «Құмжиек» және «Аранды» ауылдық округтерінің тұрғындарымен кездесіп, сайлау қортындысы бойынша жаңадан сайланған әкімдерді таныстырды.

Аудан басшысы алдымен «Құмжиек» ауылдық округінің тұрғындарымен кездесті. Кездесуде ауылдық округ әкімі лауазымын осыған дейін атқарып келген Әділхан Базарбайұлы Әбіловтің қызмет атқарған кезеңіндегі еңбегіне тоқталып, ауданның әлеуметтік-экономикалық дамуына, ауыл тұрғындарының әл-ауқатын арттыруға қосқан үлесі үшін алғысын жеткізді. Сондай-ақ, ауданның ең жоғары марапаты – Құрмет грамотасымен наградталды.

Мұнан кейін «Құмжиек» ауылдық округінің жаңадан сайланған әкімі Нағашыбаев Мұратбек Тұңғышбайұлын тұрғындарға таныстырды.

Мұратбек Тұңғышбайұлы 1985 жылы Қазалы ауданында дүниеге келген. Білімі жоғары. 2007 жылы «Әулие ата» университетін «Құқықтану» мамандығы бойынша тәмамдаған. Еңбек жолын 2009 жылы аудандық №2 өрт сөндіру бөлімінің қызметкері болып бастаған. 2012-2017 жылдары аудандық білім бөлімінде жетекші маман, 2017-2020 жылдары Қазалы ауданы әкімі аппаратының мемлекеттік-құқықтық жұмыстар бөлімінде бас инспекторы, 2020-2022 жылдары Қазалы ауданы әкімі аппаратының персоналды басқару (кадр жұмысы) бөлімінің басшысы, 2022-2025 жылдары аудандық жұмыспен қамту, әлеуметтік бағдарламалар бөлімі басшысының орынбасары, 2025-2026 жылдары Қазалы қаласы әкімінің орынбасары, 2026 жылдың 1 маусымынан бастап осы уақытқа дейін Әйтеке би кенті әкімінің орынбасары қызметін атқарып келді.

Кездесу «Аранды» ауылдық округінде жалғасты. Ауыл тұрғындарымен кездесуде аудан әкімі сайлау қортындысына сәйкес «Аранды» ауылдық округінің әкімі болып қайта сайланған Томаев Әбілғазы Аймағанбетұлын таныстырды.

Томаев Әбілғазы Аймағанбетұлы 1967 жылы Қазалы ауданында дүниеге келген. Білімі жоғары. 1994 жылы Алматы зоотехникалық малдәрігерлік институтын «Зоотехник» мамандығы бойынша бітірген. Еңбек жолын 1984 жылы шаруашылық құрылымдарындағы қызметтен бастаған. 2000-2001 жылдары Азық-түлік келісімшарт корпорациясының бөлім бастығы, 2003-2007 жылдары Қазалы аудандық аумақтық басқармасында жетекші маман, мал тұқымын асылдандыру инспекторы, 2007-2018 жылдары Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Агроөнеркәсіптік кешендегі мемлекеттік инспекция комитетінің Қазалы аудандық аумақтық инспекциясында жетекші маман, бас маман қызметтерін атқарған. 2018 жылдың желтоқсан айынан бастап «Аранды» ауылдық округінің әкімі қызметін атқарып келді.

Ауылдық округті басқаруда Әбілғазы Аймағанбетұлы ауыл тұрғындарымен тығыз жұмыс істеп, елді мекеннің әлеуметтік-экономикалық дамуына өз үлесін қосты.

Аудан әкімі жаңадан сайланған екі ауылдық округтің әкіміне де ауыл шаруашылығы мен шағын және орта кәсіпкерлікті дамыту, мемлекеттік бағдарламалардың мүмкіндіктерін тиімді пайдалану, жаңа жұмыс орындарын ашу, әлеуметтік және инфрақұрылымдық мәселелерді шешудегі жұмыстарды жалғастыру қажеттігін атап өтті. Сонымен қатар, елді мекендегі қоғамдық келісім мен бірлікті сақтау, абаттандыру және санитарлық тазалық жұмыстарын жүйелі жүргізу жөнінде нақты міндеттер қойды.

Жиын соңында аудан басшысы жаңадан сайланған әкімдерге жауапты қызметтеріне табыс, жұмыстарына береке, еңбектеріне сәттілік тіледі.

КҮЗГІ САНИТАРЛЫҚ ТАЗАЛЫҚ ЖҰМЫСТАРЫ ҚАРҚЫНДЫ ЖҮРГІЗІЛДІ

Қазалы ауданында «Таза Қазақстан» республикалық экологиялық акциясы аясында күзгі санитарлық тазалық жұмыстары қарқынды жалғасуда.

Аудан орталығы Әйтеке би кентіндегі кезекті сенбілікте Жасыл белдеу алаңы, Т.Бөрікұлақов, Ж.Шеріпов, Ж.Аймауытов, Мағзаман әулие көшелерінде тазалық жұмыстары жүргізілді.

Сенбілікте аталған аумақтардағы қоқыстар тазаланып, бейберекет өскен шөптер шабылды.

Тазалық жұмыстарына мекемелердің қызметкерлерімен қатар аудан тұрғындары да белсенді қатысып, қоршаған ортаны абаттандыруға өз үлестерін қосты.

Аудан орталығында ұйымдастырылған сенбілік жұмыстарын аудан әкімі Алмасбек Есмаханов аралап көріп, Әйтеке би кентінің әкімі мен тазалыққа жауапты сала басшыларына бірқатар тапсырмалар жүктеді.

Жалпы сенбілік жұмыстарына аудан бойынша 136 мекемеден 1372 адам, 16 техника жұмылдырылды. Атқарылған жұмыстар нәтижесінде полигондарға 16,2 тонна қоқыс шығарылды.

Күзгі санитарлық тазалық шаралары аудан орталығымен қатар барлық ауылдық округтерде де жалғасты.

Қазалы ауданы әкімінің баспасөз қызметі

ЖАЛПЫ БІЛІМ БЕРЕТІН МЕКТЕПТЕРДЕГІ САБАҚ КЕСТЕСІ МЕН ҮЗІЛІСТЕР ТӘРТІБІ ТУРАЛЫ

Балалардың денсаулығын сақтау, оқу процесін тиімді ұйымдастыру және оқушылардың шамадан тыс шаршауының алдын алу – жалпы білім беретін мектептердегі маңызды міндеттердің бірі. Осыған байланысты мектептерде сабақ кестесін дұрыс құруға және сабақтар арасындағы үзілістерді санитариялық талаптарға сәйкес ұйымдастыруға ерекше мән беріледі.

Қолданыстағы "Білім беру объектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар" санитариялық қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2021 жылғы 5 тамыздағы № ҚР ДСМ-76 бұйрығына сәйкес, сабақтың ұзақтығы 45 минуттан аспауы тиіс. Бірінші сыныптарда оқу жүктемесін бірте-бірте арттыра отырып, оқу сабақтарының "сатылы" режимін қолданады. Қыркүйекте үш сабақ 35 минуттан, қазаннан бастап 45 минуттан жоспарланады. Сабақтарда дене шынықтыру минуттарын және көзге арналған жаттығулар өткізіледі.Бірінші сынып оқушылары үшін бір жыл ішінде қосымша бір апталық демалыстар болуы тиіс. Сабақ кестесін жасаған кезде бір күн және бір аптаның ішіндегі оқушының ақыл-ой еңбегіне қабілеттілік серпіні ескеріледі. Мектептің сабақ кестесі міндетті және факультативтік сабақтар үшін жеке жасалады. Факультативтік сабақтар міндетті сабақтардың саны барынша аз күндері жоспарланады.

Күн сайынғы оқу жиынының салмағы:

1-3-сыныптардың білім алушылары үшін – 1,5-2,0 килограмм (бұдан әрі – кг);

4-5-сыныптардың білім алушылары үшін – 2,0-2,5 кг;

6-7-сыныптардың білім алушылары үшін – 3,0-3,5 кг;

8-11(12)-сыныптардың білім алушылары үшін – 4,0-4,5 кг - нан аспауы тиіс.

Сабақ кестесі оқу портфелінің немесе аспалы сөмкенің (рюкзактың) салмағынсыз күн сайынғы оқу жиынының (оқулықтар, ОӘК және жазу құралдары) гигиеналық нормативтерін ескере отырып құрылады.

Жалпы білім беру ұйымдарының барлық түрінде оқушылар үшін сабақтар арасындағы үзілістің ұзақтығы кемінде 5 минут, үлкен үзіліс (2-ші немесе 3-ші сабақтан кейін) 30 минутты құрайды. Бір үлкен үзілістің орнына екінші және төртінші сабақтан кейін әрқайсысы 15 минуттан екі үзіліс жасауға жол беріледі.

Үзілістерді таза ауаны барынша көп пайдаланып, қозғалыс ойындарымен өткізеді.

Ауысымдар арасында ылғалды жинау және желдету үшін ұзақтығы кемінде 40 минут үзіліс көзделеді.

Мектеп алды сыныптардағы сабақтардың барынша рұқсат етілген саны – ұзақтығы 25-30 минуттан төрт сабақтан аспайды. Сабақтар арасындағы үзілістер кемінде 10 минут болуы тиіс.

Дұрыс құрылған сабақ кестесі мен тиімді ұйымдастырылған үзіліс – оқушылардың денсаулығын сақтаудың және білім алу сапасын арттырудың маңызды факторларының бірі. Сабақ пен демалыстың дұрыс кезектесуі баланың шаршауын азайтып, оның оқу материалын қабылдау қабілетін арттыруға, дене белсенділігін сақтауға және мектептегі қолайлы оқу ортасын қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Сондықтан әрбір білім беру ұйымында сабақ кестесін жасау және үзілістерді ұйымдастыру кезінде қолданыстағы санитариялық-эпидемиологиялық талаптарды қатаң сақтау – оқушылардың денсаулығын қорғаудың маңызды шарты.

Гүлвира МДУАРОВА,
Қазалы аудандық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасының бөлім басшысы

АВТОКӨЛІКТЕГІ ӨРТ ҚАУІПСІЗДІГІН ҚАТАҢ САҚТАЙЫҚ!

Автокөліктерде өрттің пайда болуының себептері: қосымша жабдықтарды (дабыл, тұманға қарсы фаралар, радио, ішкі тюнинг, тағы басқа) көлікке сапасыз орнату салдарынан электр сымдарына шамадан тыс күш түсу, қатып қалған қозғалтқышты қыздыру үшін дәнекерлеу, басқа да ашық от көздерін пайдалану, электр газдәнекерлеу жұмыстарын жүргізу кезінде отты абайсыз пайдалану, автокөлікте темекі тартқан кезде, автокөлік жабдықтарының дұрыс қондырылмауы немесе істен шығуы нәтижесінде өрт кенеттен үлкен апатқа айналуы мүмкін. Ол әсіресе қозғалыс кезінде, отқа оттегі ағыны шектелмеген кезде аса қауіпті болып келеді: оттегінің есебінен жану өршіп, алаңы ұлғая береді.



Көлікте пайда болатын өрттің көп жағдайда алдын алуға немесе пайда болу қауіпін азайтуға болады. Ол үшін автокөліктің техникалық жағдайын үнемі тексеріп отыру керек.

Өрт пайда болған жағдайда жүргізушілер келесі шараларды қолдануы қажет:

1.Үрейге бой алдырмау;

2. Автокөлікті тоқтатып, қозғалтқышты сөндіру;

3. Автокөліктен шығып, жолаушыларды түсіру, олардың қауіпсіз қашықтыққа (кем дегенде 10 метр) кеткеніне көз жеткізу. Сондайақ, 101 немесе 112 телефон нөмірлеріне қоңырау шалуды ұмытпау;

4. Егер де жану басталу және көңірсу сатысында болса – өрт сөндіргіштің көмегімен өртті өз бетінше сөндіріп көру. Оттегінің түспеуін қамтамасыз етуге тырысу қажет. Ол үшін тығыз киімдерді пайдалануға болады;

5. Егер өрт мотор бөлімінде басталса және қандай сатыда екені белгісіз болса, капотты ашудың қажеті жоқ. Өрт сөндіру кезінде таза ауа бермес үшін капоттың қақпағын ашпаған дұрыс. Қақпаққа сәл ғана саңылау беріп, өрт сөндіргіштің басын жанып жатқан жерге бағыттау керек;

6. Егер өрт салонда басталса, терезелерді және есікті қажетінсіз ашпау. Оттегі жетіспеуіне байланысты өрт сөніп, ыдырау сатысына көшуі мүмкін;

7. Үлкен көлемді өртті өз бетінше сөндіруге әрекет жасамау;

8. Өртті жою мүмкін болмаған жағдайда, көліктен алысырақ қауіпсіз қашықтыққа (кем дегенде 10 метр) кету керек, себебі, жанар май багі жарылуы мүмкін.

Сонымен қатар, автокөліктегі өрттерді сөндіру үшін оларды қол өрт сөндіргіштерімен қамтамасыз еткен жөн. Жеңіл автокөліктерді ОП-5 немесе ОУ-3 типті өрт сөндіргіштермен қамтамасыз етуге кеңес береміз. Оны сатып алысымен автокөлікке оңай алынатын жерге бекітіп қою қажет. Оларды автокөлікте қатты ыстық пен өте төмен температурада қалдырмауға тырысыңыз және өрт сөндіргіштің манометрі жасыл деңгейде тұруын үнемі қадағалап жүріңіз және қолдану туралы нұсқаулығын мұқият оқып шығыңыз.

Сіздің өміріңіз бәрінен де маңызды екенін және өз қауіпсіздігіңізді үнемдеуге болмайтынын естен шығармаңыз!

Қазалы ауданының Төтенше жағдайлар бөлімі

БЕККАЛИ БЕКБАУЫЛОВ

Қазалы ауданының әкімдігі, аудандық және ауданнан сайланған облыстық мәслихаттың депутаттары, аудандық қоғамдық, ардагерлер кеңесі «Шапағат» медалінің, «Қазақстан Республикасының құрметті автокөлікшісі» атағының иегері, Қазалы, Арал ауданының құрметті азаматы, ауданның әлеуметтік-экономикалық дамуына зор үлес қосқан еңбек ардагері, «Құрметті жолшы», белгілі кәсіпкер Бекбауылов Бекқали Бекбауылұлының қайтыс болуына байланысты отбасы мен туған-туыстарының қайғыларына ортақтасып, көңіл айтады.

Бекбауылов Бекқали 1952 жылы 1 тамызда Қызылорда облысы, Арал ауданына қарасты «Ұялы» елді мекенінде дүниеге келген. Қазалы ауданы Карл Маркс атындағы совхоздағы №24 орта мектепті бітіргеннен кейін 1971 жылы Қазалы ауыл шаруашылығы, 1991 жылы Шымкент кооператив техникумын бітірген. Еңбек жолын «Ұялы» балық зауытында бухгалтер болып бастаған ол әр жылдары Қазалы аудандық әлеуметтік қамсыздандыру бөлімінде инспектор, «Қазалы аудандық шикізат дайындау» конторында таваровед, директордың орынбасары, Энгельс жұмысшылар кооперациясы басқармасының төрағасы, «Жолаушы» облыстық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнының директоры, «Жолаушы» аудандық мемлекеттік қазынашылық кәсіпорнының директоры қызметтерін атқарды. 2008 жылдан бастап «Қазалы Жолаушы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің директоры қызметін өмірінің соңына дейін атқарып келді.

Бекбауылов Бекқали елге қызмет атқара жүріп қоғамдық жұмыстарғада белсене араласты. Аудандық мәслихаттың V, VI шақырылымдарының депутаты болды.

Бекбауылұлы Бекқали өз ісіне адалдығымен, іскерлігімен, адамгершілігімен ел есінде қалды. Ол қай салада еңбек етсе де азаматтық ұстанымынан айнымай, елдің құрметіне бөленген, кейінгі ұрпаққа өнеге боларлық тұлға ретінде есте қалды.

Аудан халқына жақсылық жасау, оларды қуанту – Бекқали Бекбауылұлының өмірлік ұстанымы, басты парызы еді.

Қазақ халқында «Жақсының аты өлмейді, ғалымның хаты өлмейді» деген даналық сөз бар. Ардақты азаматтың елге сіңірген еңбегі мен жарқын бейнесі ұрпақ жадында мәңгі сақталатынына сенеміз.



Марқұмның иманы саламат, жаны жәннәтта, жатқан жері жайлы, топырағы торқа болсын.

Қазалы ауданының әкімдігі

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ТӨТЕНШЕ ЖАҒДАЙЛАР МИНИСТРЛІГІНІҢ МӘЛІК ҒАБДУЛЛИН АТЫНДАҒЫ АЗАМАТТЫҚ ҚОРҒАУ АКАДЕМИЯСЫНА 2026-2027 ОҚУ ЖЫЛЫНА ҮМІТКЕРЛЕРДІ ОҚУҒА ШАҚЫРАМЫЗ

Жас жігіттердің басым бөлігін әскери қызмет қызықтыратыны белгілі. Олардың қатарында «өрт сөндіруші-құтқарушы» мамандығына қызығушылық танытып жатқандар аз емес. Бұл мамандық ең игілікті деп бекер айтылмаған, себебі өрт сөндіру, адамдарды құтқару нағыз ерлік. Қиын әрі аса қауіпті жұмыс болғанымен, көптеген ер-азаматтар осы мамандықты таңдауда.

Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігінің Мәлік Ғабдуллин атындағы Азаматтық қорғау академиясы - еліміздегі құтқарушыларды дайындайтын жалғыз жоғары оқу орны болып табылады.

Мәлік Ғабдуллин атындағы Азаматтық қорғау академиясы «Өрт қауіпсіздігі» мамандығы бойынша күндізгі, сырттай оқу факультетіне өрт қауіпсіздік бакалавр біліктілігін беру арқылы жоғары кәсіпті мамандарды даярлайды.

Азаматтық қорғау академиясының күндізгі оқу факультетіне оқуға түскен азаматтар әскери тәртіп (казарма) бойынша мемлекет есебінен тамақтанумен, шәкіртақымен қамтамасыз етіліп, жақсы жабдықталған жатақханада тұрады. Оқуды тәмамдаған соң, түлектерге мемлекеттік үлгідегі диплом беріліп, арнайы «азаматтық қорғау» лейтенанты атағы беріледі. Түлектер әрі қарай Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігі органдарында, бөлімшелерінде қызметін жалғастыру үшін жолдама алады.

Академияның күндізгі оқу бөліміне Қазақстан Республикасының 25 жасқа дейінгі және оқу жылының басына дейін 17 жасқа толған, орта және жалпы орта білімі бар, әскери қызметке денсаулығы жарамды, оқуға түсерде емтиханды (физика және математика пәндерінен) жетістікпен тапсырған, сайыстан мүдермей өткен азаматтар қабылданады.

Академияда күндізгі оқу факультетінің оқу мерзімі 4 жыл. Бұл шұғыл әскер қызметіне теңеледі. Академияның курсанттары республикалық, облыстық, қалалық спорттық, қоғамдық жұмыстарға белсенді қатысады. Ұлы Отан соғысы және Ауған соғысы ардагерлеріне арналған әскери шерулерінің тұрақты қатысушылары қатарында.

Құрметті талапкерлер, еліміздің болашағы біздің қолымызда! Дұрыс таңдау жасаңыздар.

Ескертпе: Оқуға түсуші үміткерлер толық ақпаратты Әйтеке би кенті, Төремұрат жырау көшесі, №16 мекенжайдағы Қазалы ауданының Төтенше жағдайлар бөлімінен немесе 8(72438)-22-1-51 байланыс телефонынан біле алады.

Қазалы ауданының Төтенше жағдайлар бөлімі

Меншік иесі: «ТҰРАН-ҚАЗАЛЫ» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі.

ДИРЕКТОР
Нұрбол ӘЛМӘМБЕТОВ

БАС РЕДАКТОР
Раушанбек СЕЙТЕНОВ

Газет Қазақстан Республикасының Ақпарат Министрлігінде 2004 жылғы 15 наурызда тіркеліп, №4801-г куәлігі берілген

Газет аптасына екі рет: сәрсенбі және сенбі күндері шығады.
Газет «Тұран-Қазалы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің баспаханасында компьютермен теріліп, беттеліп, офсеттік тәсілмен басылды.
Редакция мен баспахананың мекен-жайы: 120400, Қызылорда облысы, Қазалы ауданы, Әйтеке би кенті, Қ.Пірімов көшесі, №14 үй.
Телефондар: директор - 2-17-49, **бас редактор** - 2-47-77, факс 8 (724-38)2-17-49.
Тарату аумағы: Қызылорда облысы.
Газет табыс етілмесе, 2-13-91 телефонына хабарласуға болады.
Жариялымдар газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді. Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

E-MAIL: tooturankazaly@bk.ru **Таралымы 11707 дана.**